

ҚБТУ ИМЖ КС 51-3-21



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-ТА АРНАЙЫ
БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУ ТӘРТІБІ**

ҚБТУ ИМЖ КС 51-3-21

Алматы қ.

ҚБТУ ИМЖ КС 51-3-21

Алғы сөз

Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-та Арнайы бағдарлама бойынша оқу тәртібі» корпоративтік стандарты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі – ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001: 2016 серияларындағы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келеді.

Жалпы мәліметтер

Оқу-әдістемелік орталықта
ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Ғылыми кеңесінің
2021 жылғы 26 тамыздағы №1 шешімімен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Басқармасының
2021 жылғы 1 қыркүйектегі №20 шешімі

МАЗМҰНЫ	беті
1. МАҚСАТЫ	4
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
3. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР	4
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
5. АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСУ ТӘРТІБІ	5
6. АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	5
7. ҚБТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	7
8. ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР	8
9. ЖАЗБАЛАР	8
10. ЖАУАПКЕРШІЛІК	8
11. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	9
12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9
13. БЛОК-СХЕМА	10

1. МАҚСАТЫ

1.1 Осы «ҚБТУ» АҚ Арнайы бағдарламасы бойынша оқыту тәртібі» ҚБТУ корпоративтік стандарты (бұдан әрі – КС) бакалавриат бағдарламалары бойынша тыңдаушыларды және магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша зерттеушілерді қабылдау тәртібін, оқыту шарттарын айқындайды.

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Осы Тәртіптің талаптарын «ҚБТУ» АҚ мектептерінің/ғылыми-білім беру орталықтарының/академиясының деканаттары және өзге де құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ Тіркеу кеңсесін, Оқу-әдістемелік орталықты, Қосымша білім беру департаментін, Бюджеттік жоспарлау, экономикалық талдау және стратегия департаментін, Бухгалтерлік есеп, есептілік және қаржы департаментін, Академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоса алғанда, оқу процесімен айналысатын барлық лауазымды тұлғалар қолданады.

3. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы тәртіпте келесі терминдер және оларға сәйкес анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **ЖОЖ** – білім алушының жеке оқу жоспары;
- 2) **ҚБТУ, Университет** - «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы;
- 3) **ҚР БжҒМ** - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- 4) **ББ** – білім беру бағдарламасы;
- 5) **ТК** - Тіркеуші кеңсе;
- 6) **ҚБД** – қосымша білім беру департаменті;
- 7) **КТ** – Кешенді тестілеу;
- 8) **ҰБТ** – Ұлттық бірыңғай тестілеу;
- 9) **Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)** - оқу жылы ішінде демалыс күндерін (демалыс және мереке күндерін) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі;
- 10) **Академиялық кезең (Term)** - білім беру ұйымы дербес белгілейтін семестр, триместр тоқсан сияқты үш форманың бірінде теориялық оқыту кезеңі ҚБТУ-да академиялық кезең ұзақтығы 15 (он бес) аптадан тұратын семестр түрінде белгіленді;
- 11) **Оқу жоспары** - тиісті деңгейдегі білім алушылардың оқу пәндерінің, оқыту пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практикасының, тиісті білім беру және бақылау формаларына ие оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) тәртіптейтін құжат;
- 12) **Білім алушының жеке оқу жоспары (ЖОЖ)** – білім беру бағдарламасы (үлгілік және жұмыс оқу жоспары негізінде ТиППО-ны ұйымдастыру үшін) және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына өз бетімен қалыптастырылатын оқу жоспары;
- 13) **Оқу пәніне жазылу (Enrollment)** - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу шарасы;
- 14) **Оқытудың кредиттік технологиясы (Credit Education)** - академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді оқып-үйрену реттілігін

ҚБТУ ИМЖ КС 51-3-21

таңдау және өзбетімен жоспарлау негізінде оқыту;

15) Пререквизиттер (prerequisite) (пререквизит) – оқып-үйренілетін нәнді игеру үшін қажетті білім, іскерлік, дағдылар мен құзыреттерден тұратын пәндер және (немесе) модульдер және (немесе) оқу жұмысының басқа да түрлері;

16) Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – аталған пәнді және (немесе) модульді оқып-үйрену аяқталуы бойынша меңгерілген білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап етілетін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының өзге де түрлері;

17) ҚБТУ ААЖ – интернет-технологиялар көмегімен іске асырылатын оқу процесіне арналған ҚБТУ автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

18) Оқу жұмыс жоспары (Curriculum) - типтік оқу жоспары және студенттердің жеке оқу жоспары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін құжат. Кредиттердің санын, пәндерді оқып-үйрену реттілігін, оқу сабақтарының түрлерін және бақылау формаларын көрсете отырып, міндетті компоненттің, ЖОО компоненті және таңдау бойынша компоненттің оқу пәндерінің толық тізбесін қамтиды;

19) Оқу пәні – білім беру мекемесінде оқу үшін ғылымның, техниканың, өнердің, өндірістік қызметтің белгілі бір саласынан іріктелген білім, білік және дағдылар жүйесі;

20) Қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) - білім алушы мен педагогтің жанама (қашықтықта) немесе ішінара жанама өзара әрекеттестігі негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын технологиялар;

21) Тыңдаушы – ағымдағы жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыруға қатысқан, Қазақстан Республикасының азаматы/ шетел азаматы болып табылатын, жалпы орта және/немесе бастауыш тұлға;

22) Эдвайзер – оқытудың жеке траекториясын таңдау барысында тыңдаушыға кеңес беретін оқытушы.

23) Арнайы бағдарлама – Тыңдаушыларды/Зерттеушілерді ҰБТ/КТ тапсыруға/қайта тапсыруға даярлаудың арнайы бағдарламасы.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Арнайы бағдарлама бойынша оқытудың негізгі міндеті таңдалған білім беру бағдарламасының постреквизиттері болып табылмайтын пәндерді бір мезгілде игере отырып, Тыңдаушыны/Зерттеушіні ҰБТ/КТ сәтті тапсыруға мақсатты дайындау болып табылады.

4.2 Арнайы бағдарлама бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. Арнайы бағдарлама бойынша оқу құны белгіленген тәртіппен бекітілетін ҚБТУ нормативтік құжаттарымен айқындалады.

4.3 Арнайы бағдарлама бойынша оқыту келесі жағдайларда бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға түсуге ниет білдірген адамдарға ұсынылуы мүмкін:

- оларда ҰБТ немесе кешенді тестілеу нәтижелері бойынша берілетін сертификат болмаған жағдайда;

- егер ҰБТ сертификатында тестіленетін төртінші пән немесе кешенді тестілеудің бейіндік пәндері ҚБТУ таңдаған білім беру бағдарламасына түсу үшін талап етілетін пәнге/пәндерге сәйкес келмесе;

4.4 Арнайы бағдарламаның қатысушылары ҚБТУ-дың мектептерінің, ҚБД Тыңдаушысы/Зерттеушісі, және Арнайы бағдарлама бойынша оқуға қабылданушы болып табылады.

5. АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСУ ТӘРТІБІ

5.1 ҚБТУ арнайы бағдарламасы бойынша оқуға түсу үшін талапкер ҚБТУ қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- белгіленген формадағы өтініш;
- жалпы орта, бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжат;
- медициналық анықтама (086-У формасы);
- фотосуреттер (3x4 -6 дана);
- жеке куәлік көшірмесі;
- түйіндемесі (немесе уәждемелік хат);
- ұсыным хат (болғаны дұрыс).

5.2 Ұсынылатын құжаттар ҚБТУ-ға қабылдаудың типтік ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

5.3 Құжаттардың толық топтамасын ұсынғаннан кейін Тыңдаушымен/Зерттеушімен Арнайы бағдарлама бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасалады және таңдалған білім беру бағдарламасын көрсете отырып, ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) Тыңдаушыны/Зерттеушіні арнайы бағдарлама бойынша оқуға қабылдау туралы тиісті бұйрығы шығарылады.

5.4 Бакалавриат ББ-ға түсетін Тыңдаушылар үшін одан әрі оқытудың негізгі шарты – ҰБТ/КТ-ны қайта нәтижелі тапсыру болып табылады. Студенттер қатарына қабылдау үшін шекті балл Оқуға қабылдау ережелерімен анықталады.

5.5 Жасалған шарт негізінде Тыңдаушы/Зерттеуші ҚБТУ-дың есеп айырысу шотына шарт сомасын төлеуді жүзеге асырады.

6. АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Тыңдаушыны Арнайы бағдарлама бойынша оқыту кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады.

6.2 Арнайы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы алдыңғы білім деңгейіне байланысты және бір семестрден екі академиялық кезеңге дейін болуы мүмкін. Бұл ретте ҰБТ-ны қайта тапсыруды жоспарлаған Тыңдаушылар Тыңдаушы ретінде 1 жылдан аспайтын мерзімде білім алады.

6.3 Тыңдаушы/Зерттеуші жетекшілік ететін мектеп деканының орынбасары мен тағайындалған Эдвайзердің жетекшілігімен таңдалған ББ негізінде бакалавриат/магистратура / бағдарламасы бойынша ЖОЖ құрайды. Бір оқу семестріндегі Тыңдаушының/Зерттеушінің оқу жүктемесінің көлемі 35 академиялық кредитті құрауы мүмкін. Тыңдаушыларды/Зерттеушілерді пәндерге тіркеуді ТК жүзеге асырады.

6.4 Тыңдаушыны / Зерттеушіні оқыту жүйесімен таныстыру жетекшілік ететін мектептер өткізетін бағдарлау аптасы кезеңінде жүргізіледі. Бұл кезеңде кредиттік оқыту жүйесімен жалпы танысу жүзеге асырылады, әкімшілік өкілдерімен, мектеп декандарымен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Әрбір Тыңдаушыға /Зерттеушіге сәйкестендіру нөмірі беріледі.

6.5 Оқу процесін ұйымдастыру, Тыңдаушының/Зерттеушінің ЖОЖ-ға сәйкес өткен пәндер бойынша білімін бағалау мәселелері, Арнайы бағдарлама бойынша оқытуға қатысты өзге де мәселелерді жетекшілік ететін мектептер ҚБД-мен бірлесіп жүзеге асырады және ҚБТУ Академиялық саясатымен, Университеттің өзге де ішкі құжаттарымен, «ҚБТУ» АҚ-тың Арнайы бағдарлама бойынша оқуға жасалатын шарттың талаптарымен және Арнайы бағдарлама бойынша оқытудың осы тәртібімен реттеледі.

6.6 Тыңдаушы / Зерттеуші ҚБТУ білім алушыларымен қатар ғылыми кітапхананы, электрондық ресурстық орталықты, компьютерлік сыныптарды пайдалануға, ҚБТУ ААЖ-ға тегін кіруге құқылы, оған ҚБТУ Магистранттары мен студенттерінің үйінде тұру мүмкіндігі берілуі мүмкін.

6.7 Арнайы бағдарлама бойынша оқуды аяқтағаннан кейін және

ҚБТУ ИМЖ КС 51-3-21

Тыңдаушыдан/Зерттеушіден сұраныс бойынша ҚБД Арнайы бағдарлама бойынша оқу кезеңінде ЖОЖ-ға сәйкес өткен пәндер, алынған академиялық кредиттердің саны және жинаған балдары (бағалары) туралы мәліметтерді қамтитын транскрипт ұсынады.

6.8 Арнайы бағдарлама бойынша оқу кезеңінде Тыңдаушы / Зерттеуші өзге ЖОО-ға оқуға ауыса алмайды.

6.9 Тыңдаушыда/Зерттеушіде шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) және нәтижеге сәйкес қолданыстағы халықаралық сертификаттардың бірі болған жағдайда ҚБТУ білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережелеріне сәйкес қайта есептеу арқылы Зерттеуші ағылшын тілінің міндетті пәндерін оқудан босатылуы мүмкін.

6.10 Егер Тыңдаушыда/Зерттеушіде таңдалған бағдарламаға (бакалавриат/бакалавриат, магистратура/магистратура) сәйкес келетін алдыңғы білім берудің оқу нәтижелері болған жағдайда, жетекшілік ететін мектеп деканымен және ұсынылған құжаттар (транскрипт, диплом) негізінде ТК басшысымен келісім бойынша Тыңдаушыға игерілген пәндер бойынша ББ-ға сәйкес игерілген кредиттерді қайта есептеу жүргізіледі.

6.11 Қайта есептеу барысында Арнайы бағдарлама бойынша оқу құны өзгермейді.

7. ҚБТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

7.1 Арнайы бағдарлама бойынша оқуды аяқтағаннан кейін Тыңдаушы/Зерттеуші оқуға қабылдау бойынша талаптарды орындау барысында ҰБТ/КТ-ны міндетті түрде сәтті тапсыру барысында ҚБТУ білім алушысы мәртебесіне ауыса алады.

7.2 Ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар, ҰБТ/КТ өту мерзімдері мен тәртібі ҚБТУ-ға қабылдау ережелеріне сәйкес айқындалады.

7.3 Тестілеудің төртінші пәні/бейіндік пәндері таңдалған ББ тобына сәйкес болуы тиіс және ҚБТУ білім алушыларының қатарына қабылдаудың тиісті жылына арналған «ҚБТУ» АҚ-қа қабылдау ережелеріне сәйкес айқындалады.

7.4 Егер Тыңдаушының/Зерттеушінің ҰБТ/КТ және оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша жинаған балл саны тиісті жылға арналған ҚБТУ-ға қабылдау ережелерінде белгіленген өту балына сәйкес келсе, Тыңдаушы/ Зерттеуші студенттер / магистранттар қатарына қабылданады.

7.5 Тыңдаушы/Зерттеуші ҚБТУ білім алушылары қатарына қабылдану үшін Қабылдау комиссиясына тиісті жылға арналған ҚБТУ қабылдау ережелерінде белгіленген құжаттар тізбесін ұсынады.

7.6 Тыңдаушы/Зерттеушінің арнайы бағдарлама бойынша оқу кезеңінде ЖОЖ-на сәйкес меңгерген және ҚБТУ-да қайта есептелген, сондай-ақ Тыңдаушы/Зерттеуші оң баға алған пәндер оны ҚБТУ білім алушыларының қатарына қабылдау барысында есептеледі.

8. ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР

8.1 Осы Тәртіппен тәртіпеділген іс-әрекеттерді орындау барысында келесідей тәуекелдер туындауы мүмкін:

№ п/п	Тәуекел атауы	Алдын алу іс-қимылы	Түзетуші іс-қимыл	Тәуекел иесі	Салдары
--------------	----------------------	----------------------------	--------------------------	---------------------	----------------

ҚБТУ ИМЖ КС 51-3-21

1.	ҰБТ/КТ және жинаған ұпай саны және оқуға түсу емтихандары нәтижелері белгіленген өту балына сәйкес келмейді	ҰБТ/КТ пәндері және оқуға түсу емтихандары бойынша даярлықты күшейту	Тәуекелдердің туындау себептерін талдау және жою	Мектептер, ҚБД	Оқудан шығару
----	---	--	--	----------------	---------------

9. ЖАЗБАЛАР

9.1 Осы Тәртіп шаралар бойынша қызметтің аралық және қорытынды нәтижелерін жазбаша және/немесе электрондық түрде растайтын төмендегі жазбаларды қамтиды:

№ п/п	Жазбалар атауы	Жазбаларды сақтау орны	Жазба үшін жауапты
1	Арнайы бағдарлама бойынша оқу кезеңінде Тыңдаушының ЖОЖ-ға сәйкес өткен пәндері туралы мәліметтерді қамтитын транскрипті	ҚБТУ ААЖ	ТК, Мектеп

10. ЖАУАПКЕРШІЛІК

10.1 Арнайы бағдарлама бойынша Тыңдаушыларды/Зерттеушілерді даярлауға мектептердің/ғылыми-білім беру орталықтарының декандары өз бағыттары бойынша жауапты болады.

10.2 ЖОЖ-ды уақытылы құрастыруға және орындауға Тыңдаушы/Зерттеуші және Эдвайзер жауапты болады.

10.3 ҰБТ/КТ пәндері бойынша оқытуды ұйымдастыруға ҚБД мектептермен/ғылыми-білім беру орталықтарымен бірлесіп өз бағыттары бойынша жауапты болады.

10.4 Білім алушы ҰБТ/КТ-ны уақытылы тіркеуге және тапсыруға жауапты болады.

11. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

11.1. Осы Корпоративтік стандарт келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1) 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы
2) Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 7-қосымша);

3) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 8-қосымша);

4) 2) ҚР БЖҒМ-нің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері;

5) Жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 5-қосымша);

6) «ҚБТУ» АҚ Жарғысы.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Осы КС ҚБТУ Басқармасы оны бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін күшіне енеді.

12.2. Осы КС-ға өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

12.3. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасы, ҚБТУ Жарғысы өзгертілуі нәтижесінде осы КС-ның жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, КС заңнамаға және Жарғыға сәйкес келгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

12.4. Осы КС-мен тәртіптелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

ҚБТУ ИМЖ КС 51-3-21

